

№14 «Шолпан» балабақшасы

# *Психологтың ата-анамен жұмысы*

Психолог: Даменова Гулжайна Райимбековна

2020-2021 оқу жылы

Бекітемін: 

№14 «Шолпан» балабақшасының  
меңгерушісі: Ж.Кисигова

**№14«ШОЛПАН» балабақшасында өткізілетін ашық  
Ұйымдастырылған психологиялық сауалнамалар,тренингтер және  
ата-анамен жұмыс жүргізу кестесі**

| № | Өткізілетін іс-шара                                    | Жұмыс<br>мазмұны | Уақыты    | Орындаушы |
|---|--------------------------------------------------------|------------------|-----------|-----------|
| 1 | Баланың балабақшаға бейімделуі                         | Пікір алмасу     | Қыркүйек  | Психолог  |
| 2 | Отбасы мүшелерімен таныстыру                           | Тренинг          | Қазан     | Психолог  |
| 3 | Ата-аналармен ойын                                     | Ойын             | Қараша    | Психолог  |
| 4 | Сіз қандай ата-анасыз?                                 | Сауалнама        | Желтоқсан | Психолог  |
| 5 | Бала жанының әдемілігін түсін, Ана!                    | Сауалнама        | Қаңтар    | Психолог  |
| 6 | Отбасындағы қарым-қатынастың бала психологиясына әсері | Пікір алмасу     | Ақпан     | Психолог  |
| 7 | Баланың мектептегі оқуға дайындығы                     | Тренинг          | Наурыз    | Психолог  |
| 8 | Ата-аналарға психологиялық кеңес                       | Пікір алмасу     | Сәуір     | Психолог  |
| 9 | Әрқашан күн сөнбесін!                                  | Тренинг          | Мамыр     | Психолог  |

**2020-2021 оқу жылы**

### **«Баланың балабақша бейімделуі»**

Мақсаты: Ата — аналардың өзара қарым — қатынасын жақсарту. Балабақша өмірімен таныстыру, тәрбиешімен дұрыс қарым — қатынаста болу. Психологиялық кеңес, ағарту жұмыстарын жүргізу. Бала жанұясы мүшелерін бір-бірін түсіне білуге және жақсы қасиеттерге тәрбиелеу.

Қатысқандар: Ата-аналар, балалар.

Көрнекіліктер: Отбасы суреті, бояу қарындаштар, қалам, таза парак, ватман, шарлар, қайшы, желім, презентациялар.

Психолог: Сәлеметсіздерме құрметті ата-аналар! Бүгінгі біздің «Баланың балабақшаға бейімделуі» атты тренинг сабағымызға хошкелдініздер! Ата — ана тілегі баласының жақсы адам болуы, еңбексүйгіштігі, кішіпейіл, мейірімді болуы, «Үл тәрбиелей отырып, жерісін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз».

Отбасындағы тәрбие әрбір мүшені өзін-өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды.

Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады.

Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырып демеуші ата-ана.

I. Танысу. Амандасу

Шаттық шеңбері:

Ата — аналарды қолымыздан ұстап, шаттық шеңберіне тұрғызу. Мен сіздермен кездескеніме өте қуаныштымын. Қане, бәріміз бір — біріміздің қолымыздан ұстап шеңбер құрайық. Осы дөңгелек шеңберді неге шаттық, жылулық шеңбері деп атаймыз? Қалай ойлайсыздар.

Шеңберге тұрудың үлкен бір қасиеті бар.

Шеңберіміз көктегі жылу беретін күн сияқты дөңгелек. Шеңберге тұрып, бір — бірімізді жақсы көре аламыз, жақсылық пен жылулығымызды сыйлай білуге сүйренеміз. Міне, сондықтан бұл шеңберді жылулық, шаттық шеңбері деп атаймыз.

Енді бәріміз жақсылық тілеп, шаттана қуанып, күлкімізді сыйлайық.

Танысу: Әр ата — ана өзін таныстыру керек, өзінің атына екі — үш сын есімін қосып таныстыру.

Доппен жаттығу: Бала сіз үшін кім? Допты бір-біріне ұсынып сұраққа жауап беру. Бала — болашағым, серігім, бақытым, өмірімнің жалғасы т.б.

II. Ата-аналарға балалардың балабақшаға бейімделуі туралы кеңес беру.



— Балаңыз сізге сенсін десеңіз, балабақшаға әкеліп, көрінбей қашып кетпеңіз.

— Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін ойлап табыңыз және соны катал ұстаныңыз.

Балабақшаға барғаны үшін жаңа ойыншық сатып алып, балаңызды алдаркатпаңыз.

— Балаға анық түсінік беру керек.

Бір рет болсын баланың дегенін істесеңіз әрі қарай баланы көндіру өте қиынға түседі.

2 -3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.

Сондықтан кеңес береміз:

— Үйдегі жағдайды балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз.

— Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз.

— Үйдегі жағдайда баланың өзіне — өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.

— Баланың «социалдық көюкиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға калсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.

— Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата — ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

— Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуға. Сондай-ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшаға беріп жібергеніңіз абзал.

Баланың әлеуметтенуі қашан қайда басталады? Әрине бірінші отбасында және балабақшаға келгенде. Балабақшада таныс емес үлкен адамдармен, балалармен танысады, мінез құлық ережелері мен нормаларын меңгереді. Жаңа жағдайға бала қалай үйренеді? Окіншіке орай балабақшаға бейімделу көбінесе қиын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, ұйықтамайды, балалармен және үлкен адамдармен араласудан бас тартады да, қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді, ойыншықтарды ойынға қатыстырмайды.

Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері:

- Басқа адамдармен бұрын қалып көрмегендіктен,
- Дәретке өзі отырып үйренбегендіктен.
- Кейбір тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы қызылша, орамжапырақ, қатты тамақты шайнап үйренбеген (картоп, нан).
- Балабақшаға келген алғашқы күндері бала 2 сағатқа қалу керек. Көбінесе ата-аналар жұмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы балабақшада қалдырады. Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады.
- Баланызбен үйде сөйлесесіз бе, оны мақтайсыз ба, оны жақсы көретіңіз туралы айттыңыз ба?

Ата-аналардың балаға эмоцияналдық әсері көбінесе жағдайды қиындатады.

Әр отбасында бейімделудің үш түрі бар.

- жеңіл түрі — баланың мінез-құлығы 10-15 күнде қалпына келеді;
- орташа ауырлық бейімделу — 1 айдың ішінде;
- ауыр бейімделу — 2 айдан 6 айға дейін өтеді.

Қобалжулары қатты ата-аналардың балалары да балабақшаға қиын бейімделеді, өткені ата-анасының қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая бастайды. Осы кезде ата-аналар балаға көмек беруі керек.

Ертеңгілік қоштасуды жеңілдету тәсілдері:

- Баламен тез қоштасып үйреніңіз. Қоштасуды созбаңыз. Бала сіздің қобалжығаныңызды көріп, тыныштануы ұзаққа созылады.

№14 «Шолпан» балабақшасы

# Менің отбасым!

(ата-аналармен тренинг)

Психолог: Г.Даменова

2020-2021 оқу жылы



Бекітемін:

Әдіскер: *КБ* – К.Байқадамова

« 2 » « 10 » 2020 ж

### **Менің отбасым (Ата-аналармен өткізілген тренинг)**

#### **Тренингтің мақсаты:**

Балалармен бірге мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету. Бала тәрбиелеу сапасының жоғарылауына ықпал ету.

Қажетті құрал—жабдықтар: үлестірмелі қағаздар, А4 формат, қалам, доп және мақал-мәтелдер жазылған плакат, т.б.

Әдістері: пікір алмасу, сұрақ-жауап, тест, психологиялық жаттығулар.

#### **Тренинг бағдарламасы:**

«Танысу» жаттығуы.

Топқа бөлу.

Ой жинақтау. (Постер қорғау)

«Жанұя ойыны» сергіту жаттығуы.

Ситуациялық сұрақтар.

Қорытынды.

#### **Кіріспе сөз:**

Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар!

Бүгінгі біздің «Менің отбасым» атты тренинг-сабағымызға қош келдіңіздер! Ата-ананың тілегі – баласының жақсы адам болуы, еңбексүйгіштігі, оқу мен еңбектегі табыстары.

Баланы бастан бақпасаң,

Жамандықтан қақпасаң,

Қадірден жұрдай қасқа боп,

Кешкенің өмір босқа тек, — дегендей, баланың ыстық-суығына күймейтін, жақсылығына сүйінбейтін ата-ана жоқ шығар. Бүгінгі ұл – ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз – ертеңгі ана, ол шешеге қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші – ата-ана.

#### **«Танысу» жаттығуы.**

Ата-аналар шеңбер бойымен тұрып, әрқайсысы өз есіміңіз және балаңыздың есімін, балаңыздың жағымды қылығын атаңыз.

Қандай әсер алдыңыздар?

Не қиындық келтірді?

Топқа бөлу.

Ата-аналар түрлі түсті тандайды. Түстер бойынша топ құрып, үстелдерге жайғасып отырыңыздар.

Ой жинақтау.

№14 «Шолпан» балабақшасы

Баланың мектептегі оқуға  
дайындығы.  
(балалармен тренинг)

Психолог: Г.Даменова

2020-2021 оқу жылы



Бекітемін:  
Әдіскер: *Kif* - К.Байкадамова  
«10» «11» 2020 ж

### **Баланың мектепке педагогикалық-психологиялық даярлығын бағалауға арналған тренингтер**

**Мақсаты:** Мектепке баратын балалардың оқуға мотивациялық дайындығын бағалау.

**1.«Сәлемдесу» тренингі:**

Мақсаты: Балаларды жақсы көңіл күймен психологиялық тренингке атсалыстыру, сәлемдесу.

**2.«Түгендеу-шатастыру» тренингі:**

Мақсаты: Тәрбиеленушілердің математикалық білімдерін жетілдіру. Бала үшін зейіннің бөлінуін жаттықтыру үшін, мынадай жаттығу жүргізуге болады. 25 тор көзге ретсіз 1-ден 10-ға дейінгі сандар жазылған, соның ішінде жоқ сандарды, бала қарап тұрып, қай санның жоқ екенін тез ауызша айтып жазып береді.

**3.Психологиялық «Түрлі – түсті доптар» жаттығуы:**

Мақсаты: Балалардың логикалық ойлауын, көру арқылы есте сақтауын, ойша жұмыс істей білуін дамыту. Балаларды түстерді ажыратып атай білуге дағдыландыру. Геометриялық пішіндерді ажыратып айту. Көру, есте сақтау, ойлау қабілетін тілін дамыту.

**4.Сикырлы саусактар.**

Мақсаты: қабылдаудың тұтастығын дамыту. Саусактарға сергіту жұмыстарын жасау.

**5.Психологиялық тренингтің әдіс — тәсілі: Қыстырғыштармен жұмыс.**

Мақсаты: Балалардың шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, психозмоционалдық жағдайды жайландыру.

Қажетті заттар: Макта, кір қыстырғыштар, түрлі-түсті гуашь, ак қағаз.

**6.Қорытынды:**

Ішкі күйзелісті түсіру, релаксация. Қолдарының ұсақ моторикасын дамыту. Өзіне деген позитивтік көзқарасты қалыптастыру.

Трегнингтің барысы: Міне, сендерді өзімнің психологиялық тренингімде көріп тұрғаныма қуаныштымын. Балалар оң қолдарымен жүректеріңді ұстандаршы. Естіп тұрсыңдар ма? Тук — тук дейді. Енді осы кішкене жүрегімізде кішкентай ғана мейірім шуағы бар деп сезінейік. Сол шуакпен бір-бірімізді жылытайық. Бір – бірінің қолдарын ұстандар. Міне кішкене күн шуағы үлкен күнге айналды. Осы күннің жылуын таңғажайып әлеміндегі адамдарға сыйлайық. Ал ол үшін біз ештеңеден қорықпайтын күшті де епті батыл болуымыз керек. Балабақшадан алған білімімізді, тәрбиемізді ертеңгі күні мектепте де ұштастыруымыз керек.

Балалар, мен сіздерді бүгін сиқырлы орманға, саяхатқа шақырамын қарандаршы, айнала қандай әдемі.

#### «КӨБЕЛЕКТЕР ӘЛЕМІ» ЖАТТЫҒУЫ:

Максаты:

Релаксация және қиялын дамыту.

Қажетті құралдар: Музыка, баяу орындалатын музыка.

Жаттығудың өтілу барысы:

Балалар орындықтарға денелерін бос ұстап отырып, аяқ қолдарын еркін созады.

**Психолог:** арнайы релаксацияның әуенің қосып былай дейді:

Көздеріңді жұмып, менің даусымды естіңдер. Жеңіл әрі жаймен демалыңдар. Өздеріңді керемет жаздың шуақты күнінде шалғанда жүргендеріңді елестетіңдер. Дәл қазір сендердің көз алдарыңа ғажайып көбелек гүлден гүлге ұшып жүргенің көріп тұрсыңдар. Оның қанаттарының қимыл қозғалысына қарандаршы!

Ол қанаттарың жеңіл әрі әсем етіп қозғалтады. Енді әрқайсыларың осы көбелектің ғажайып үлкен әрі керемет қанаттарың өздеріңе қиялдап көріңдерші! Сендердің қанатарың төмен жоғары баяу қалықтап қозғалып жатқанын сезініңдер! Ауада баяу қалықтап жүргендеріңді сезініп рахаттаныңдар!

Ал енді өздерің ұшып жүрген жерлеріңнен төмендегі жап жасыл болып тұрған шалғанға зер салыңдар. Қарандаршы, қандай жайқалып тұрған гүлдердің көптігін! Көздеріңмен ең әдемі гүлді тауып алып соған жақындай түсіңдер! Енді сендер өздеріңнің гүлдеріңнің иісін

Сездіңдер! Жайменен қалықтап осы гүлдің аңқыған иісінің ортасына отырыңдар! Тағыда оның жұпар иісімен демалыңдар.... енді көздеріңді ашыңдар! Керемет демалдық ба? Балалар кезекпен өздерінің сезімдері жайлы айтады.



Ішкі күйзелісті түсіру, релаксация. Қолдарының ұсақ моторикасын дамыту. Өзіне деген позитивтік көзқарасты қалыптастыру.

Тренингтің барысы. Міне, сендерді өзімнің психологиялық тренингімде көріп тұрғаныма қуаныштымын. Балалар оң қолдарымен жүректеріңді ұстаңдаршы. Еетін түрсыңдар ма? Тук – тук дейді. Енді осы кішкене жүрегімізде кішкентай ғана мейірім шуағы бар деп сезінейік. Сол шуақпен бір-бірімізді жабылайық. Бір – бірнің қолдарын ұстаңдар. Міне кішкене күн шуағы үлкен күнге айналады. Осы күннің жылуын таңғажайып әлеміндегі адамдарға сыйлайық. Ал ол үшін біз ештеңеден қорықпайтын күшті де епті батыл болуымыз керек. Балабақшадан алған білімімізді, тәрбиемізді ертеңгі күн мектепте де ұштастыруымыз керек.

Балалар, мен сіздерді бүгін еңқырлы орманға, саяхатқа шақырамын қараңдаршы, айнала қандай әдемі.

#### «КОБЕЛЕКТЕР ӘЛЕМІ» ЖАТТЫГУЫ:

Мақсаты.

Релаксация және қиялдан дамыту.

Қажетті құралдар: Музыка, баяу орындалатын музыка.

Жаттығудың өтілу барысы:

Балалар орындықтарға денелерін бос ұстап отырып, аяқ қолдарын еркін созады.

**Психолог:** арнайы релаксацияның әуенін қосып былай дейді:

Көздеріңді жұмып, менің даусымды естіңдер. Жеңіл әрі жаймен демалыңдар.

Өздеріңді керемет жаздың шуақты күнінде шалғанда жүргендеріңді елестетіңдер. Дәл қазір сендердің көз алдарыңа ғажайып көбелек гүлден гүлге ұшып жүргенің көріп түрсыңдар. Оның канаттарының қимыл қозғалысына қараңдаршы!

Ол канаттарың жеңіл әрі әсем етіп қозғалтады. Енді әрқайсыларың осы көбелектің ғажайып үлкен әрі керемет канаттарың өздеріңе қиялдап көріңдерші! Сендердің канатарың төмен жоғары баяу қалықтап қозғалып жатқаның сезініңдер! Ауада баяу қалықтап жүргендеріңді сезініп рахаттаныңдар!

Ал енді өздерің ұшып жүрген жерлеріңнен төмендегі жап жасыл болып тұрған шалғанға зер салыңдар. Қараңдаршы, қандай жайқалып тұрған гүлдердің көптігін! Көздеріңмен ең әдемі гүлді тауып алып соған жақындай түсіңдер! Енді сендер өздеріңнің гүлдеріңнің иісін

Сездіңдер! Жайменен қалықтап осы гүлдің аңқыған иісінің ортасына отырыңдар! Тағыда оның жұпар иісімен демалыңдар.... енді көздеріңді ашыңдар! Керемет демалдық ба? Балалар кезекпен өздерінің сезімдері жайлы айтады.



Бекітемін:

Әдіскер: *М.Т.* К.Байқадамова

« 7 » « 04 » 2021 ж

### Ата – аналармен ойын

Тақырыбы: Ал, канекей, ойнайық!

Максаты: Мектеп жасына дейінгі балалар өзінің айналасындағы қоршаған ортамен танысуға өте құштар. Ойын баланың бірінші әрекеті, сондықтан да оның мән - мағынасы ерекше. Қазақ халқының ойшылы Абай Құнанбаев: "Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала болама?"- деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Ойын барысында балалар дүниені таниды, өзінің күш - жігерін жұмсап, адамдармен араласуға үйренеді. Балаларда қолданатын ойындарды ата - аналармен жүргізе отырып, ұйымдастырылған оқу – іс әрекетінде қолданатын ойындарды көрсетіп, бірге ойната отырып бірлесіп жұмыс жасауға үйрету.

#### 1. Ұйымдастыру.

Құрметті ата - аналар жиналысымызға қош келіпсіздер!

Бүгінгі жиналысымыздың тақырыбы «Ал, канекей, ойнайық!» тақырыбында өрбімек. Біздің максатымыз күнделікті ұйымдастырылған оқу - іс әрекетінде қолданатын ойындарды сіздермен бірге ойнап көрмекпіз. Ойналатын ойындарымыз бес бөлімнен тұрады. Берілген тапсырманы тиянақты, бар ықыластарыңмен орындауларыңызды сұраймыз? Ендеше іске сәт! Бірінші ойналатын ойынымыз:

#### 1 «Суретке карап пейзаж құрастырайық»

Мазмұны: Әр ата - анаға әр түрлі сурет үлгілері беріледі, соған карап әр түрлі тастармен берілген суретті бейнелеу керек.

#### 2 «Актерлік шеберлігімізді байқайық!»

Мазмұны: Ортаға екі ата - анадан шығарып, оларға көрсетпей бастарына аң немесе жануардың бейнесі бейнеленген масканы кигіземіз. Ойнаушы өзінің қандай маска киіп тұрғанын білмеуі керек. Оған қарсы тұрған ойнаушы оның басындағы аңды қимылмен көрсете білуі керек. Ойын осылайша әрі қарай жалғасады.

### 3 «Мақал - мәтел» «Кім жүйрік?»

Мазмұны: Ата - аналарға дара жазылған әріптер таратылып беріледі, сол әріптерден шапшаң қимылдап бір мақал шығару керек. Ойын осылайша жалғаса береді.

### 4 «Кім дұрыс жауап береді?»

Мазмұны: Тақтаға сұрақтар жазылған түрлі - түсті қағаздар